

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EFKO3259>***А. Д. Абилдаева¹, Ж. Ә. Аймұхамбет²**^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-6241-4027>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>*e-mail: zhylkybai.phd@mail.ru

АКТАНТТЫҚ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ МӘТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ МЕН ЖҮЙЕСІ

Мақалада актанттық қызметтің негізгі мәні – оның сюжетті дамытушы әрі оқиғалардағы қозғаушы күші екендігі. Субъектілер типологиясының актант модельдері түрінде таңбалануы мәтін табиғатын жаңа қырынан тануға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Бұрыннан қалыптасқан түсініктегі кейіпкер ұғымын «актант» сөзі арқылы таңбалау тұтастай мәтіндегі субъектілерді актанттық құрылым ретінде танытуға бағыттайды.

Мақалада бұл ұғымның термин ретінде филология ғылымына енуінің тарихы, структуралистік әдебиеттанудың бір аспектісі ретіндегі мәнісі қарастырылады. Анықтамасы талданып, бұл терминнің кейіпкерлер категориясы мен қызметін анықтауға қатыстылығы дәйектеледі. Актанттық құрылымның сөз өнеріндегі қызметі, көріну тәсілдері қаһарман, кейіпкер ұғымдарымен байланыстырыла қарастырылып, бейнелеу субъектілерінің маңызды ролі теориялық тұрғыда тұжырымдалады. Сол тұжырымдар негізінде кейіпкерлердің әрекеті көрсетіліп, мәтін құрылымындағы қызметі жүзіледі. Мифологиялық кейіпкерлер мысалында дәлелдер келтіріліп, мифтік мотивтерге негізделген ертегі, аңыз, әпсаналардың актанттық құрылымы талданады. Актанттардың протагонист – антогонист, субъект – объект, адресат – адресант қарым-қатынасындағы маңызы айқындалады. Сол негізде классификациясы қалыптастырылып, ұсынылады.

Зерттеуде Л. Теньер, И. Богуславский, В. Пропп, М. Бахтин, А. Ухтомский, Е. Трубина, А. Греймас және т.б. зерттеуші-ғалымдардың еңбектеріндегі актант туралы тұжырымдар басшылыққа алынды.

Кілтті сөздер: мәтін, актант, субъект, объект, адресант, адресат, интерпретация.

Кіріспе

Мәтін кеңістігіндегі бейнелеу субъектілерін қарастырғанда актанттық құрылымды зерттеудің мәні зор. Бейнелеу субъектісі ретіндегі кейіпкерлер жүйесі – мәтін құрылымының маңызды қабаттарының бірі. Бізге барынша таныс, кеңінен қолданысқа ие болған кейіпкер ұғымы теориялық еңбектерде түрлі терминдік атаулармен белгіленгенін көруге болады. Солардың ішінде актант ұғымы мәтін құрылымын сипаттайтын жалпылама атауға ие болғанын байқаймыз. Көрнекті француз лингвист ғалымы Люсьен Теньер «Құрылымдық синтаксис негіздері» еңбегінде етістік торабы өз табиғатында шағын драманы бейнелейтінін, ал қандай да бір драмада міндетті түрде әрекет, сондай-ақ әрекет етуші адам және жағдай болатынын атап көрсетеді. «Егер драмалық қалыптан құрылымдық синтаксиске өтсек, онда әрекет, актерлер мен жағдаят етістікпен, актантпен, сиркостант пен сәйкес келеді», – дей келе актант ұғымын «процеске кез келген дәрежеде, тіпті қарапайым статист ретінде және барынша салғырттықты есептемегенде, түрлі тәсілмен қатысатын тіршілік иесі немесе тірі зат», – деп анықтап көрсетеді [1, 117-6.].

Актант (лат. ago – «мен қозғалысқа келтіремін, әрекет етемін») – етістікпен белгіленген процеске қатысатын адамды, затты білдіретін сөйлемнің кез келген мүшесі. Бұл ұғым сөйлемнің вербоцентрлік теориясы үшін маңызды. Л. Теньер актанттарды сиркостанттарға қарсы қолданып, оларды үшке бөлді: бастауыш, тікелей толықтауыш (немесе пассивті етістіктің агенсі) және жанама толықтауыш. Оның тұжырымынша, актанттар мен сиркостанттарды ажырату сөздің септік формасымен байланысты.

Л. Теньер актанттарды заттар немесе олардың эквиваленті ретінде қарастырып, субъект пен предикатты осы ұғымның аясында қарастырды. Субъект оқиғаның қозғаушы күші ретінде әрекет ететінін зерттеуші И. М. Богуславский де атап өтеді [2, 33-6.].

Актант термині филологияға Альгирдас Жюльен Греймастың еңбектерімен де байланысты. XX ғасырдың 60-жылдары Л. Теньер мен А. Греймас актант теориясын дамытты. А. Греймас орыс формализмі мен француз структурализмін ұштастырып, мәтіннің әмбебап нарративті құрылымын сипаттайтын актанттық схемасын ұсынды.

Қазақ тіл білімі мен әдебиеттануында да актантты әрекет иесі ретінде қарастыру байқалады. Мысалы, «Поэзия морфологиясы» зерттеуінде «Болыс болдым мінеки» өлеңінің құрылымында болыс, ел, старшын, би, ояз, атшабар актанттар ретінде қарастырылған [3, 192-6.]. Бұл актанттық құрылымның нақты мысалы ретінде маңызды.

Осы зерттеуде актанттарды анықтап, интерпретация жасау мақсатында мифологиялық мәтіндерге жүйелі талдау жүргізу көзделді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеуде тақырыптың жан-жақты ашылуына ықпал еткен түрлі ғылыми әдістер қолданылды. Олар мифологиялық мәтіндердің құрылымдық-семиотикалық аспектілерін, әсіресе «бинарлық оппозиция» мен «актантты» зерттеуге жәрдемдесті. Құрылымдық-семиотикалық әдіс бинарлық оппозициялардың сюжетті жүйелеу мен актанттардың өзара әрекетін анықтауға көмектесті. Герменевтикалық-интерпретациялық әдіс мифологиялық мәтіндерді мәдени-тарихи мәнмәтінде түсіндіру үшін қолданылды. Синтез әдісі құрылымдық-семиотикалық және герменевтикалық талдаулардың нәтижелерін біріктіріп, бинарлық оппозициялар мен актанттардың күрделі көрінісін айқындауға жәрдемдесті.

Зерттеу негізін әртүрлі мәдениеттер мен тарихи кезеңдерден алынған мифологиялық мәтіндер құрады. Олардың қатарында славян, грек, шығыс (Қытай мен Үнді) мифтері, сондай-ақ Мыстан кемпір (Баба Яга), Агни от құдайы, Геракл мен Прометей туралы мифтер, әлемнің жаратылысы туралы мифтер бар. Сонымен қатар, мифтердегі бинарлық оппозиция мен актанттарды зерттеуге арналған әдебиеттанушы мен мифология зерттеушілерінің еңбектері де маңызды.

Зерттеу барысында семиотика, структурализм, феноменология бағытындағы ғылыми еңбектер қолданылды. Заманауи академиялық журналдар мен кітаптар негізгі ақпарат көзі болды. А. Греймастың моделі мифтердегі актанттың көріністерін зерттеуде ерекше рөл атқарды.

Актанттық құрылымның теориялық мәнін түсіндіруде структуралистік әдіске басымдық берілді. Мәтіннің актанттық құрылымы талдау-жинақтау, индукция-дедукция әдістері негізінде қарастырылып, салыстырмалы әдіс қағидалары пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Актант әдебиеттану мен фольклортануда – әдеби немесе фольклорлық шығармалардағы субъект, сюжетті өрістететін оқиғаның қозғаушысы ретінде қарастырылады [4, 211-б.]. Көркем мәтінде актант баяндаушы тұлғаның кешенді қызметін атқарады. Олар белгілі бір кейіпте көрініп, бір-бірімен байланыс жасай отырып, мәтін ішінде әрекет етеді. Осылайша, авторлық интенция актанттық құрылым арқылы көрініс табады. Кейіпкер ұғымын «актант» терминімен таңбалау оның субъективтілікті қалыптастырудағы рөлін нақтылай түседі.

Актанттық құрылым мәтіннің негізгі динамикалық тетіктерінің бірі ретінде кейіпкерлерді анықтайды. Кейіпкерлер актанттық модельдер жүйесінде түрлі қызмет атқарады: қаһарман, протагонист, антагонист ретінде көрініп, шығарма оқиғасын дамытуға ықпал етеді. Актанттық қызмет субъект

пен объект, адресант пен адресат, көмекші мен қарсылас сияқты ұғымдарды біріктіре отырып, көркем мәтіндегі рөлдерін жүйелей танытады.

Кейіпкер тек іс-әрекетпен шектелмейді, ол ойлайды, сөйлейді, өз ұстанымын білдіреді, басқа кейіпкерлерді талқылайды. Бір кейіпкер екіншісіне баға беріп, олардың өзара байланысын айқындайды. Бұл тұрғыда В. Пропптың «Ертегі құрылымы» еңбегі маңызды [5]. Ол ертегіні 31 функциядан тұратын уақытша тізбек ретінде қарастырып, актанттарды (немесе негізгі кейіпкерлерді) әрекет шеңберлері арқылы анықтайды. Осы тұжырымдаманың негізінде кейіпкерлердің рөлдері ертегіден ертегіге ауысатын инвариантты құрылым ретінде ұсынылады. Бұл қағидалар көркем мәтіннің актанттық құрылымын талдауда маңызды әдістемелік негіз болып табылады.

1-кесте – В. Пропптың актант туралы тұжырымдамасы

	1 хабарлама		2 хабарлама		3 хабарлама	
1 ертегі	F_1	a_1	F_2	a_1	F_3	a_3
2 ертегі	F_1	a_2	F_2	a_2	F_3	a_2
3 ертегі	F_1	a_3	F_2	a_3	F_3	a_3

Егер F_1 , F_2 , F_3 функцияларын олар құрған кейбір a_i актантының іс-қимыл шеңберлері тұрғысынан анықтайтын болсақ, онда бұл шеңбердің ертегіден ертегіге өзгермейтіндігі a_1 , a_2 және a_3 актерлерін сол a_i актантының нақты бейнесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, ол дәл сол әрекеттер шеңберімен анықталады.

Демек, егер актерлерді белгілі бір ертегінің шегінде қалып анықтауға болатын болса, онда актанттар, олар актерлер класынан басқа ештеңе емес, тек барлық ертегілердің корпусына сүйене отырып анықталады: актерлердің таралуы бөлек ертегі жасайды, ал актанттардың құрылымы *жанр* болып табылады. Осылайша, актанттар рамалық актіге қатысты металлингвистикалық мәртебеге ие; сонымен қатар, олар толық функционалды талдауды, басқаша айтқанда, іс-қимыл шеңберін құруды талап етеді.

Бұл қос процедура (актерлерді олардың функцияларын сипаттау арқылы анықтау және актерлердің әртүрлі кластарын жанрлық актанттарға дейін азайту) Проппқа актанттардың соңғы жиынтығын құруға мүмкіндік береді:

- 1 зиянкестер
- 2 сыйлық бергіш
- 3 көмекші
- 4 іздеген кейіпкер (және оның әкесі)
- 5 жіберуші
- 6 батыр
- 7 жалған батыр

Бұл жиынтық Пропқа ертегі жанрына жеті таңбалы схемаға бағынатын оқиға ретінде актантты анықтама беруге мүмкіндік берді [5, 13-б.].

Кейіпкерлер іс-әрекеті мен арман-мақсаттары арқылы көркем кеңістіктің болмысын ашып, туынды мазмұнын тереңдетіп, тартысты күшейтетін белсенді бөлігі болып табылады. Мәтін құрылымындағы субъективтіліктің басты тетігінде тұрғандықтан, олардың әрекеті, ұстанымы авторлық субъектіден бастау алады. Осылайша, кейіпкер мен автор арасындағы байланыс «мәтін субъектісі» ұғымы аясында бірігеді.

Көркем туындыда субъект әрекетінің бірнеше түрі бар: баяншы, әңгімеші, лирикалық қаһарман және жан-жақты бейнеленетін кейіпкер (персонаж). «Кейіпкер» ұғымы «әдеби қаһарман» және «әрекет етуші адам» тіркестерімен мәндес. «Қаһарман» туындыдағы ерекше, позитивті рөлді білдірсе, «әрекет етуші адам» кейіпкердің өзін іс-әрекеті арқылы танытуын сипаттайды. Кейіпкер жазушының таза қиялының жемісі немесе нақты тарихи тұлғаның көркемдік бейнесі болуы мүмкін.

Кейіпкер – оқиғаның субъектісі, сюжетті дамытатын қозғаушы күш. Бұл тұрғыда ол В. Я. Проптың «Ертегі құрылымы» еңбегінде қарастырылған [5, 29-6.]. Ғалым ертегі қаһармандарын оқиғалар қатарын қозғалысқа түсіретін фактор ретінде анықтайды. Проптың идеясын жалғастырған А. Греймас кейіпкерлердің бинарлық оппозиция негізінде актанттық модельдің алты түріне бөлінетінін көрсетеді. Бұл модельдер кейіпкерлердің әрекеттері мен орындайтын функцияларына байланысты анықталады.

Екіншіден, кейіпкердің туынды құрылымындағы дербестігі, сюжетке (оқиғалар тізбегіне) тәуелсіздігі маңызды: ол тұрақты әрі тиянақты (кейде өзгерістерге ұшыраса да) түрде түрлі қасиеттердің тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді. Кейіпкерлер ең әуелі өздерінің істеген әрекеттері, сондай-ақ мінез-құлқы мен қарым-қатынасы, сырт пішіні мен араласатын ортасы, ойы мен сезімі, ниеті арқылы сипатталады. Міне, әдеби туындыдағы адамның осы әрекеттері М. Бахтин «тұлғаның ядросы» [6, 409-б.], А. А. Ухтомский «адам интуициясы бастауын айқындайтын доминанты» [7, 66-б.] деп атап-түстеген шынайы болмысын айқындайды.

«Актант – баяндаудағы рөл, ал актер – осы рөлді сомдаушы. Актанттар жұп түрінде келеді және үш семантикалық ось бойынша таралады. Олар: байланыс, тілек (іздеу) және сынақ. Бірінші ось актанттары – субъект//объект; екінші ось актанттары – жіберуші//алушы; үшінші ось актанттары: көмекші//қарсылас (қаскөй)», – дейді Е. Трубина [8, 42-б.]. Бұл анықтаманы ол А. Греймстың тұжырымдарына сүйене отырып ұсынады.

А. Греймас: «Актанттардың барлық мүмкіндіктері жиынтығын синкретизм арқылы түсіндіре отырып, біз оларды ең әуелі екі түрлі категорияға бөлуге ниеттіміз, олар: субъект және объект, адресант және адресат» [9, 187-б.], – деп,

мысал ретінде діни аңыздардағы Адам ата – Хауа ана (Ева) оқиғасын келтіреді. Бұл ғалымның талдауындағы мәтіннің актанттық құрылымы төмендегідей: Хауа (Ева) – субъект. Ол сонымен қатар Хауаның екі қарым-қатынастың бастапқы нүктесіне тән екенін атап көрсетеді. Бірінші қарым-қатынас – Хауа мен алманың арасында, екінші байланыс – Хауа мен Адамның арасында өрбиді. «Хауа алманы Адамға берді» деген ақпаратқа назар аударсақ, Хауаның алмаға қатысы екі жақты: ол оны алады және береді. Бұл екі байланыста Хауа бір мезгілде әрі актант-субъект, әрі актант-адресант ретінде көрінеді. Алу-беру актісін жүзеге асырған Хауа осылайша әлемдік тұрақты сюжеттің бірегейі санатындағы адамзаттық жобадағы өмірдің басталуына түрткі болады.

Зерттеу еңбегінде актантты екі жұп түрінде ұсынған Греймас оған тағы да бір жұп құрайтын екі актант түрін үстемелейді. Олар көмекші/қарсылас ретінде актанттық құрылымды толықтырады. Греймас бұл актанттарды сирконстант түрінде беріп, «көмекші құралдар», «қарсылас» деп атайды [9, 225-б.]. Осы екі жұп ұғым лингвистер мен әдебиеттанушылар еңбектерінде дамыта қарастырылып, «көмекші/қарсылас» сипатын иеленген актант кейіпкерлер болып айқындалады. Ол туралы біз жоғарыда айтып өттік.

Актант категориялары осытерінің сипаттамасына келсек, зерттеулердегі тұжырымдарға сәйкес оларды төмендегідей сипатта көрсетеміз:

- субъект – объект осі іс-әрекеттің траекториясын және қаһарманды // протагонисті іздеуді білдіреді. Ол алға жылжу үшін кедергілерді жеңуі керек;

- адресант – адресат (жіберуші//қабылдаушы) осі құндылықтарды бақылайды, олардың құрылымын анықтайды және тілек-мақсаттарының кейіпкерлер арасында бөлінуін талқылайды.

- көмекші – қарсылас осі қарым-қатынасты жеңілдетеді немесе оған кедергі келтіреді. Олар іс-әрекеттің жағдаяттары мен түрлерін туындатады, және олардың кейіпкерлер түрінде ұсынылуы міндетті емес. Көмекшілер мен қарсыластар кейде тек іс-әрекетке деген ерік-жігердің проекциясы және субъектінің өзі жорамалдайтын қарсылықтар болуы мүмкін.

Мәтін құрылымын талдағанда ондағы актанттық модель қызметінің элементтерін теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, былайша анықтауға болады:

- жолдаушы (жіберуші, сый беруші) Греймастың схемасында ол коммуникация актісін жүзеге асырушымен теңестіріледі. Мәселен, әңгімені, хикаятты, романды дүниеге әкелуші автор;

- объект – басты субъектінің күллі мақсат-мұратын, аңсарын білдіретін баяндау қызметі;

- алушы (немесе бенефициарий) – жақсаруды, жетістікті басынан өткеруші; оқиғаның басты субъектісі қызметінің нәтижесін немесе жіберуші донордан (болмаса сый берушіден) пайда көретін кейіпкер;

– көмекші – туындыдағы бас субъектіге көмекке келетін немесе олармен одақ құратын кейіпкерлер тобы немесе кейіптендірілген күштер;

– субъект – бас қаһарманның барлық атрибуттары мен әрекеттерін біріктіріп, қалаған нысанды алуға немесе қалаған мақсатқа жетуге тырысатын мәтін функциясы немесе тұлғасы;

– қарсылас (антагонист) – туындыдағы басты субъектіге қарсы тұратын барлық кейіпкерлер немесе кейіптендірілген күштерді біріктіретін топ яки қызмет.

Осылайша, актанттық құрылымды, оны анықтайтын категорияларды сараланған қызметтердің жиынтығы ретінде анықтауға болады және олар ситуацияға байланысты әртүрлі қызметті біріктіре алады.

Актантқа қатысты болса, қысқаша айтқанда, зерттеу ол әрекет жасайтын не әрекетін өз бойынан сезетін кейіпкер не объект пішінінде ұсынылатыны анықталды, дегенмен актант өз рөлімен не функционалымен шектелмейді, сондықтан тірі болсын, өлі болсын, адами болсын, адамидан жат болсын, жағымды болсын, жағымсыз болсын, қаһармандық болсын, қаскүнем болсын, барлық рөлдерді атқара алады. Мысалға әлемнің жаратылысы жайлы мифтерді алсақ, табиғаттың от, су, ауа мен жер күштерін білдіретін актанттар кездеседі. Басқа жағынан қарасақ, қаһармандар жайлы мифтарда өзімен игілік пен зұлымдықты білдіретін құдайлар, шайтандар не құбыжықтар актанттары кездеседі.

Миф мәтіндерін зерттеу барысында актанттарды түрлі критерийге қарап классификациялау нұсқалары қалыптастырылды. Нәтижесінде ең көрнекті пайдалысы болып актанттарды миф сюжетіндегі рөліне қарап бөлетін критерий таңдалды (2-кесте).

2-кесте – Актанттардың сюжеттегі рөлі негізіндегі классификация

Актант түрі	Сюжеттегі рөлі
Пациент	әрекетті басынан өткізетін актант
Объект	әрекет өзіне бағытталатын актант
Агентор	әрекетті бастайтын актант
Қостаушы	агентке әрекетті іске асыруға жәрдем ететін актант
Кедергі	агентке әрекетті іске асыруға кедергі ететін актант
Агент	әрекетті іске асыратын актант

**Джерело: авторлармен жасалды*

Мифтік шындыққа қатысты критерий негізінде актанттарды шынайы мифтік етіп бөлу ұсынылды. Бұл классификацияда шынайы актанттар шынайы әлемде бар, ал мифтік актанттар тек мифтік шындықта бар болатындар.

Мифтердегі актанттардың рөлі жайлы айтсақ, олар мифтік мағынаны жеткізудегі кілтті құрал болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, олар мифтік әлем мен оның тұрғындары образын жасап шығаруға да, мифтің негізінде жатқан текетірестер мен қарама-қайшылықтарды ашуға да көмек етеді. Миф мәтіндеріндегі ең қалыпты да жарқын актант мысалдарының кейбіреуі келесі:

1) Әлем жаратылысы туралы мифте актанттар – Құдай, су, жер, су мен жарык.

2) Геракл туралы мифте актанттар – Геракл, Немей арыстаны, Гидра мен Эриманф қабаны.

3) Прометей туралы мифте актанттар – Прометей, Зевс, Пандора мен титандар.

Зерттеу маңызды сәт ретінде мифтердегі актанттардың түрлі әдіспен ұсыныла алатынын ерекшеледі. Олар мәтінде сипатталуы, ескерткіш пен суретте бейнеленуі, әртис образдарында қайталануы мүмкін. Ұсынылу жолына қарамастан да актанттар мифологиялық баяндауда маңызды рөл ойнайды.

Зерттеу оған қоса актанттар теориясына үлкен әсер еткен, 1966 жылы француз структуралисі А. Греймас шығарған мақалаға аса назар аударды. Ол «актант» терминін кез-келген сөйлемде әрекет мүшелерін белгілеу үшін қолданды. Ғалым актанттарды мифтің құрылымы мен функциясын түсінуге көмектесетін нарративтің эмбебап бірлігі екеніне сенді. Ақырында оларға актантты үш классқа бөлу ұсынылды; әрбірі «білу», «қабілетті болу» мен «тілеу» модальдік үштіктің біреуімен жұптаса байланысты. Бұл жүйемен тереңірек, мысалдар арқылы танысу үшін 3-кестені зерттеу қажет.

3-кесте – Актанттың мифологияда А. Греймас моделімен айқындалуы

Класстың атауы	Класстың түсініктемесі	Мифологиядан мысал
«Субъект / Объект» классы	Бұл класста бірдеңені тілейтін немесе бірдеңені білетін субъект және сол тілек не білім бағытталған объект қарастырылады.	<i>Персефона мен анар дәні</i> Деметра қызы Персефонаны жерасты құдайы Аид ұрлап қашты. Оның шешесі Деметра қызының қайда екенін білмей, оны қайтарғысы келді. Персефонаның қайда орналасқаны жайлы білім Деметрадан жасырын болды. Аид Персефонаға анар дәнін ұсынып, қыз оны жеп қойды. Бұл әрекет оны жерасты әлеміне байлаулы етті. Осы жағдайда Деметра — субъект, өйткені ол өз қызын қайтарғысы келді. Персефона — тілек объекті, ол туралы білім жасырын болды, ал анар дәні болса желінің нәтижесіне әсер ететін объект.

3-кестенің аяқталуы

«Адресант / Адресат» классы	Бұл класста өзіне білімді, тілекті жеткізетін не басқалардың әрекеттеріне әсер ете алатын тіршілік иелерін қарастырылады.	<i>Прометей мен адамзат</i> Прометей, грек мифологиясындағы титан, адамзаттың өмірі үшін оттың қажеттілігін білді. Ол адамдарға көмектескісі келді және отты құдайдан ұрлау амалын біліп, оны адамзатқа берді. Бұл жерде Прометей білім мен жәрдемді бергісі келетін адресант, ал адамзат болса білім мен жәрдемді қабылдайтын адресат.
«Көмекші / Жау» жанама актанттар классы	Бұл класста субъектке мақсатына жетуге жәрдем ететін не керісінше кедергі келтіретін тіршілік иелері қарастырылады.	<i>Геракл мен Лернейлық гидра</i> Геракл көпбасты құбыжық, Лернейлық гидраны өлтіргісі келді. Ол бұл тапсырманың қиын екенін білді, сондықтан гидраны жеңу үшін көмекшілерінің қызметін қолданды. Оның інісі Яолай гидраны анықтап, оның регенерациясын тоқтату үшін қай бастарын кесу керек екенін білген. Гидра болса Гераклтың қарсылас жауы тұғын. Осылайша, Геракл гидраны өлтіргісі келген субъект, Яолай оны іске асыруды білген көмекші, ал гига оларға кедергі келтіретін көмекші болды.

*Джерело: авторлармен А. Греймас негізінде жасалды

Түйіндегенде, бинарлық оппозиция жиі мифтерді жүйелендіретін кілтті механизм болып қызмет етеді, және сюжетке динамика қосатын шиеліністер мен қауырттылықтарды қосады. Түрлі рөлдерді атқаратын актанттар мифологиялық желілер мен олардың нәтижелеріне зор әсер етеді. Осы тақырыптың зерттеу аясында жасалған талдау мифтер түрлі мәдени және әлеуметтік құндылықтардың айнасы болатынын, олардың өз логикасы мен динамикасын құратын жолын айқындады. Одан бөлек бинарлық оппозиция мен актанттарды зерттеу мифологиялық мәтіндер мен олардың адами мәдениет пен тарихын интерпретациялау үшін жоғары құндылығын айқындады.

Адамзаттық мәдени-рухани жадта ұлттық шеңберден шығып, күллі әлемдік бейнеге айналған, адамзаттың мәдени қорын байытқан кейіпкерлер де өмір сүріп келеді. Олардың қатарында *Прометей, Геракл, Ахиллес, Тристан мен Изольда, Ләйлі мен Мәжнүн*, т.б. атауға болады. Көне дүниеде даңқы кең жайылған кейіпкер туралы Гильгамеш бейнесін айтуға болады. Актанттық құрылымда *Гильгамеш, Прометей, Геракл, Ахиллес* сияқты қаһарман тұлғалар адамзаттық мұраттың бейнеленуінің мысалы бола алады. Жеңімпаздықты, жасампаздықты, қаһармандықты өз бойларына сіңірген

бұл кейіпкерлер миф сюжеттерінен классикалық әдебиетке ауысып, өз ғұмырларын жалғастырды.

Жеке поэтика аспектісіндегі бір мәтіндегі әрекет етуші субъектіні айқындайтын актант жалпы поэтика аспектісінде тұтас мәтіндер жиынтығы шеңберінен шығып, өз алдына мәдени-көркем кеңістікті түзетін актанттық құрылымды танытады. Бұл бағытта актант-субъектілер мен актант-көмекші, актант-адресант, актант-адресат жүйесі түзіледі. Сонымен қатар аз болса да актант-қарсылас түрі кездеседі. Мысалы: *Жалмауыз кемпір*, *Мыстан кемпір*, *Жеті басты дәу* т.б.

Н. Фрай басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасының тәуелділік дәрежесіне қарай кейіпкерлердің миф қаһарманы, аңыз-ертегілер қаһарманы, жоғарғы миметикалық модус және төменгі миметикалық модус, ирониялық модус кейіпкерлері деген типологиясын ұсынады [10, 232–233–66.].

Актант категориясының ішінде іс-әрекетіне қарай субъект, адресант, көмекші немесе қасқой сипаттарымен көрінетін миф қаһармандары өзге адамдардан өзінің сапасымен ерекшеленеді. Басқаша айтқанда, олар «ерекше жаратылысты». Олар адамзат баласы бағынған заңдылықтарға бағына бермейді. Миф қаһармандары туралы зерттеушілер олардың персонификациялық әлемін осылайша пайымдайды. Ал, аңыз, эпсана қаһармандарының болмысы олардан сәл ерекшелік. Өзінің сапалық белгісі жағынан миф қаһармандарымен үндес келетін тұстары болғанымен, адамзат баласына тән заңдылықтарға мойынсұнатын, оларды бұза алмайтын жандар.

Бас субъект ретіндегі жоғарғы миметикалық модустың қаһарманы басқа кейіпкерлерден ерекше, бірақ ол адам баласы болғандықтан қоршаған ортаның заңдылықтарына тәуелді. Негізі мұндай қаһарман қарапайым адам бола тұра, өзге кейіпкерлерде болмайтын аса құнды, жақсы қасиеттерге ие.

Н. Фрай типологиясындағы ирониялық модус кейіпкерлері басқа адамдардан төмен деңгейде, барлық сапалық қасиеттері жағынан оларға жол береді. Ондай кейіпкерлердің әрекеттері тәуелді, мағынасыз, қисынсыз, жеңіліске толы болады. Бұл категорияға ұнамсыз сипаты бар кейіпкерлерді кіргізуге болады. Олар негізінен қарсылас, қасқой әрекеттерімен көрінеді. Сондықтан бұл деңгейдегі кейіпкерлер негізінен актант-қарсылас (оппонент) түрінде болады. Осы тұста біз А. Ж. Греймас тұжырымын негізге ала отырып жазылған мына пікірді келтіре кетейік:

«The actant model allows us to consider the text as a performance projected onto anaxial screen, in which the actants schematically represent the acting characters in the world of the literary text: good and evil, angel and devil, etc., which makes this scheme, according to the remark by A.-J. Greimas, operational (opérationnel)». (Актант моделі мәтінді проекцияланған өнім ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, А.Ж.Греймастың тұжырымы бойынша ізгілік

пен зұлымдық, періште мен құбыжық т.б. пішінде көркем мәтін әлеміндегі әрекет етуші кейіпкер ретінде ұсынылады) [11, 104-б.].

Жалпы, сөз өнерінде кейіпкерлер қарсыласы арқылы танылып, тұлғаланады. Актанттық құрылымның «протагонист – антогонист» бинарлық оппозициясын біз мифтік баяндардан, ертегілерден көп ұшыратамыз. Мысалы ерекше жаратылысты батыр (протагонист) мен оған қарсы жеті басты айдаһар (антогонист. оқиғасы. Батыр бүкіл елге үрей тудырып, ажал бүріккен бұл мақұлықты жекпе-жекте жеңеді.

Қорытынды

Мәтіннің актанттық құрылымында кейіпкерлер категориясы оқиғадағы рөліне, іс-әрекетке қатысуына қарай белгілі сипат иеленіп, актанттық модельдер қатарын түзеді. Мәтіннің актанттық құрылымына қатысты жоғарыдағы теориялық байыптаулар көркем туынды табиғатын структуралық талдау аспектісінде зерттеудегі бастапқы қадам деуге болады. Зерттеушілер ұсынған актант категорияларының қатары және модельдері қаһарман, кейіпкер, протагонист, антагонист кейіпкерлердің болмысын терең таныту бағытында жаңа ізденістерге мол мүмкіндік ашып берері сөзсіз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Теньер, Л.** Основы структурного синтаксиса. – М. : Прогресс, 1988. – 656 с.

2 **Богуславский, И.** Сфера действия лексических единиц. – М. : Школа «Языки русской культуры», 1996. – 464 с.

3 **Аймұхамбет, Ж., Мұқажанова, Р.** Поэзия морфологиясы (Абай өлеңдері мысалында) // Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 3(144). – С. 188–202. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/558/429>.

4 Актант // Лингвистический энциклопедический словарь. – М. : Издательство «Большая Российская энциклопедия», 2002. – 709 с.

5 **Пропп, В.** Морфология сказки. Изд. 2-е. – М. : Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1969. – 168 с.

6 **Бахтин, М.** Эстетика словесного творчества. – М. : Искусство, 1979. – 424 с.

7 **Ухтомский, А.** Доминанта. – СПб. : Питер, 2002. – 448 с.

8 **Трубина, Е.** Нарратология: основы, проблемы, перспективы. – Екатеринбург : Издательство Уральского университета, 2022. – 104 с.

9 **Греймас, А.** Структурная семантика: Поиск метода. – М. : Академический проект, 2004. – 368 с.

10 **Фрай, Н.** Анатомия критики: очерк первый // Зарубежная эстетика и теория литературы XIX–XX вв. : трактаты, статьи, эссе. – М. : Издательство МГУ, 1987. – 510 с.

11 **Oleinikova, G.** Actant Patterns of the Artistic World // Journal of Danubian Studies and Research. Vol. 13. – No. 2/2023. – 101–106 p.

References

1 **Tener, L.** Osnovy strukturnogo sintaksisa [The Basis of Structural Syntax]. – Moscow : Progress, 1988. – 656 p.

2 **Boguslavskiy, I.** Sfera deystviya leksicheskikh edinit [Sphere of Action of Lexical Units]. – Moscow : Russian Language School, 1996. – 464 p.

3 **Aimukhambet, Zh., Mukazhanova, R.** Morfologiya poezii (na primere stikhotvoreniiy Abaya) [Morphology of Poetry (as an Example of Abai's Poems)] // L. N. Gumilyov Eurasian National University Herald. Philology Series. – 2023. – No. 3(144). – P. 188–202. [Electronic resource]. – <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/558/429>

4 **Aktant** // Lingvisticheskiiy entsiklopedicheskiy slovar' [Linguistic Encyclopedic Dictionary]. – Moscow : Big Russian Encyclopedia Publishing House, 2002. – 709 p.

5 **Propp, V.** Morfologiya skazki [Morphology of a Fairy Tale] / 2nd ed. – Moscow : Main Editorial Office of Oriental Literature of the Publishing House «Nauka», 1969. – 168 p.

6 **Bakhtin, M.** Estetika slovesnogo tvorchestva [Aesthetics of Verbal Creativity]. – Moscow : Iskusstvo, 1979. – 424 p.

7 **Ukhtomskiy, A.** Dominanta [Dominant]. – St. Petersburg : Piter, 2002. – 448 p.

8 **Trubina, E.** Narratologiya : osnovy, problemy, perspektivy [Narratology : Foundations, Problems, Prospects]. – Ekaterinburg : Ural University Publishing House, 2022. – 104 p.

9 **Greimas, A.** Strukturnaya semantika : Poisk metoda [Structural Semantics : Search for a Method]. – Moscow : Academic Project, 2004. – 368 p.

10 **Fry, N.** Anatomiya kritiki : pervoe esse [Anatomy of Criticism : First Essay] // Zarubezhnaya estetika i teoriya literatury XIX–XX vv. : traktaty, stat'i, ocherki [Foreign Aesthetics and Theory of Literature of the 19th–20th Centuries : Treatises, Articles, Essays]. – Moscow : Moscow State University Publishing House, 1987. – 510 p.

11 **Oleinikova, G.** Actant Patterns of the Artistic World // Journal of Danubian Studies and Research. – Vol. 13. – No. 2/2023. – 101–106 p.

18.04.24 ж. баспаға түсті.

03.02.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Д. Абилдаева¹, Ж. А. Аймухамбет²

^{1,2}Евразийский национальный

университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 18.04.24.

Поступило с исправлениями 03.02.25.

Принято в печать 26.05.25.

АКТАНТНАЯ СТРУКТУРА В СИСТЕМЕ И ФУНКЦИЯХ ТЕКСТА

В статье рассматривается история появления данного понятия как термина в филологической науке, его значение как одного из аспектов структуралистского литературоведения. Анализируется определение и аргументируется применимость этого термина к определению категории и функции персонажей. Деятельность актантной структуры в словесном искусстве, способы проявления соотносятся с понятиями героя, персонажа, теоретически сформулирована важная роль изобразительных субъектов. На основе этих выводов отражаются действия персонажей и систематизируется их деятельность в структуре текста. Приводятся аргументы на примере мифологических персонажей и анализируется актантная структура сказок, легенд, поверий, основанных на мифических мотивах. Определяется значение актантов в отношениях протагонист – антагонист, субъект – объект, адресат – адресант. На этой же основе формируется и представляется классификация.

В исследовании руководствовались выводами об актанте в трудах ученых-исследователей Л. Теньера, И. Богуславского, В. Проппа, М. Бахтина, А. Ухтомского, Е. Трубиной, А. Греймаса и др.

Ключевые слова: текст, актант, субъект, объект, адресант, адресат, интерпретация.

D. A. Abildayeva¹, Zh. A. Aimukhambet²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 18.04.24.

Received in revised form 03.02.25.

Accepted for publication 26.05.25.

ACTANT STRUCTURE IN TEXT FUNCTION AND SYSTEM

The article deals with the emergence history of this concept as a term in philological science, its significance as one of the aspects of structuralist literary studies. The definition is analyzed and the applicability of this term to the definition of the category and function of characters is argued. The activity of the actant structure in verbal art, the ways of manifestation are correlated with the concepts of hero, character, and the important role of representational subjects is theorized.

On the basis of these conclusions the actions of characters are reflected and their activities in the structure of the text are systematized. Arguments on the example of mythological characters are given and the actant structure of fairy tales, legends, beliefs based on mythical motifs is analyzed. The significance of actants in the relations protagonist – antagonist, subject – object, addressee – addressee is determined.

On the same basis the classification is formed and presented.

The study is guided by the conclusions about the actant in the works of research scientists L. Tenier; I. Boguslavsky, V. Propp, M. Bakhtin, A. Ukhtomsky, E. Trubina, A. Greimas and others.

Keywords: text, actant, subject, object, addresser, addressee, interpretation.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz